«ШЫҢ АЛЕМ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ» ЖШС

ТОО «СЛУЖБА ОХРАНЫ ШЫҢАЛЕМ»

РК, г ШЫМКЕНТ МКР. НҰРШУАҚ 4199 Тел/факс: 8 (775)832-61-61 БИН 171140013774, ИИК KZ568562203103866373, БИК KCJBKZKX, АО «БЦК»

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы,Алматы ауданы,Аль-Фараби ықшам ауданы,Қайрат Рысқұлбеков көшесі 13үй.

Астана қаласы 30.01.2026ж

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ
«ШЫҢ АЛЕМ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
«30» 01 2026ж
№ 64
БСН 171140013774

Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі **№ 15942348-ОК2 Қорытындылар туралы хаттамасының** 84147791-ОК1, 84147468-ОК1 лоттарының комиссияның құрамына:

ШАҒЫМ

«ШЫҢ АЛЕМ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ» ЖШС-не қатысты берілген сын ескертпені қарастыра келе, төмендегіні хабарлаймыз.

Сын ескертпеде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығымен бекітілген күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарының 3-тарауының 2-тармағына сәйкес орталықтандырылған күзет пунктін орналастыруға арналған кеңсе үй-жайының болуы расталмағаны көрсетілген.

Алайда, бұл тұжырым нақты мән-жайларға және ұсынылған құжаттарға толық сәйкес келмейді.

1. Кеңсе үй-жайының болуы

Әлеуетті өнім беруші ретінде біз конкурсқа қатысу барысында:

Астана қаласы, Рысқұлбекова көшесі 13 мекенжайы бойынша орналасқан, жалпы ауданы **34 шаршы метрді құрайтын кеңсе үй-жайын жалдау шарты негізінде пайдаланатынымызды** растайтын құжаттарды толық көлемде ұсындық. Осылайша, орталықтандырылған күзет пунктін орналастыруға арналған кеңсе үй-жайының болуы фактісі құжат жүзінде расталған.

2. Жалдау шартының қолданылу мерзіміне қатысты

Сын ескертпеде жалдау шартының қолданылу мерзімі **15.01.2026 жылдан 15.01.2026 жылға дейін** деп көрсетілгені негізге алынған.

Алайда біз ұсынған жалдау шартында: шарттың қолданылу мерзімі; **15.01.1026 жылдан 15.12.2026 дейін шартты белгісіз мерзімге ұзарту мүмкіндігі көзделген арнайы тармақ бар**.

Осы скрин келсім шарттан алынды.

8.Заключительные положения

8.1.Настоящий Договор вступает в силу с момента его подписания и действует до 15.12.2026 года с последующей автоматической пролонгацией на неопределенный срок, если ни одна из Сторон не уведомит другую Сторону о прекращении Договора не менее чем за 30 календарных дней до даты его окончания.

8.2. **Стороны согласны, что отправка уведомления по электронной почте, домашнему адресу или телефону арендатора считается официальным уведомлением. Уведомление считается полученным с момента отправки.**

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес, мұндай шарттар өз күшін тараптар шартты бұзғанға дейін сақтайды және нақты қолданылу мерзімін ұзарту үшін қосымша келісім жасасу талап етілмейді. Сондықтан жалдау шартының қолданылу мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген: **2026 жылғы 1 наурыздан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандағы қызмет көрсету мерзімін толық қамтиды.**

3. Ереженің 76-тармағына сәйкестігі
Ереженің 76-тармағына сәйкес: материалдық ресурстардың болуы, меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжатпен дәлелденуі тиіс.
Біздің тарапымыздан: жалдау шартының электрондық көшірмесі; үй-жайдың нақты мекенжайы; толық көлемде ұсынылған. Аталған талаптар конкурстық құжаттаманың шарттарына толық сәйкес келеді.

«ШЫҢ АЛЕМ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ» ЖШС-нің конкурстық өтініміне қатысты берілген сын ескертпеде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығымен бекітілген күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарының және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің **3-тарауының 4-тармағына сәйкес радиобайланыстың болуы расталмағаны** көрсетілген.

Аталған сын ескертпемен келіспейтінімізді төмендегідей негіздермен хабарлаймыз.
1. Радиожиілік спектрін пайдалануға өтінім берілген
«ШЫҢ АЛЕМ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ» ЖШС тарапынан: **Астана қаласы аумағы бойынша радиожиілік спектрін пайдалануға ресми өтінім жолданған**, бұл өтінім уәкілетті радиожиілік органының қарауында тұр. Осы факт конкурстық өтінім құрамында ұсынылған **электрондық арыз көшірмесі және кепілдік міндеттемеде** нақты көрсетілген.
2. Радиожиілік рұқсатын алу мерзімі
Кепілдік міндеттемеде: радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат **2026 жылғы 1 наурызға дейін алынатынымызды міндеттеніп кепілдік берілген.**
Бұл мерзім конкурстық құжаттамада белгіленген: қызмет көрсету басталатын күнге дейін толығымен сәйкес келеді. Яғни, радиобайланыс құралдары қызмет көрсету басталған сәттен бастап толық көлемде қолданыста болады.
3. Радиожиілік спектрінің нақты берілуі
Қазіргі уақытта: 28.01.2026 жылдан бастап «ШЫҢ АЛЕМ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ» ЖШС-не **Астана қаласы аумағы бойынша радиожиілік спектрін пайдалануға ресми түрде рұқсат берілді.** Рұқсат уәкілетті радиожиілік органы тарапынан белгіленген тәртіппен рәсімделген.
Осы хатқа:**радиожиілік спектрін пайдалануға берілген рұқсаттың электрондық нұсқасы** қосымша ретінде ұсынылады. Осылайша, радиобайланыстың болуы **қазіргі сәтте толық көлемде расталады**.
Сын ескертпенің құқықтық тұрғыдан негізсіздігі
радиожиілік спектріне берілген өтінімді;
ұсынылған кепілдік міндеттемені;
қызмет көрсету басталу мерзімін;
Бұл жағдай Қазақстан Республикасының: **«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 13-бабы** (объективтілік және тең қатысу қағидаттары); **Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 6, 7-баптары** (әділдік, ақылға қонымдылық және мән-жайды жан-жақты бағалау қағидаты) талаптарының бұзылуына алып келеді.
4. Құқықтық ұстаным
Радиобайланысқа қатысты біліктілік талаптарының мақсаты –күзет қызметін **нақты орындау кезеңінде** тұрақты байланыс құралдарының болуын қамтамасыз ету болып табылады.
Аталған талап: конкурсқа өтінім беру күні емес, **қызмет көрсету басталған сәтте орындалуы тиіс**.
Қазіргі таңда радиожиілік спектрі: алынған; қолданыста; заңды түрде бекітілген.
Осыған байланысты радиобайланыстың жоқтығы туралы тұжырым **құқықтық және фактілік негізге ие емес**.

Комиссия тарапынан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығымен бекітілген күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарының 3-тарауының 6-тармағына сәйкес: қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға және алып жүруге берілген рұқсаттың қолданылу мерзімі 15.01.2026 ж. аяқталған, ал конкурсқа қатысу өтінімі 23.01.2026 ж. Берілген деген негізде сәйкессіздік көрсетілген.
Аталған тұжырыммен келіспейтінімізді төмендегідей хабарлаймыз.
1. Қару туралы заңнамадағы рұқсаттардың нақты құқықтық айырмашылығы
Қазақстан Республикасының **«Қару туралы» Заңына** сәйкес қаруға қатысты рұқсаттар екі түрлі құқықтық құжат болып табылады:
1) Қару сатып алуға берілетін рұқсат
Бұл рұқсат:

- тек **қару сатып алу құқығын** береді;
- **12 ай мерзімге** жарамды;

- қаруды нақты иеленуді растамайды;
- тек сатып алу кезеңіне арналған құжат болып табылады.

Аталған рұқсаттың өзі: қарудың нақты бар екендігін де, оны сақтау мен алып жүру құқығын да растамайды.
2) Қаруды сақтауға және алып жүруге берілетін рұқсат
Қару нақты сатып алынғаннан кейін:

- ішкі істер органдары тарапынан
- қарудың тіркелуіне байланысты
- **жеке рұқсат** беріледі.

Дәл осы құжат:

- қарудың заңды түрде бар екенін;
- оның тіркелгенін;
- күзет қызметінде пайдалануға рұқсат етілгенін

растайтын негізгі заңды құжат болып табылады.

2. № 959 бұйрықтың 3-тарауының 6-тармағының мазмұны
№ 959 бұйрықтың 3-тарауының 6-тармағында: қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға және алып жүруге рұқсаттың болуы қажет деп көрсетілгенімен, бұл норма:

- бір ғана құжатты емес,
- қаруға қатысты заңнамада көзделген **тиісті рұқсаттардың болуын** білдіреді.

Яғни:

- егер қару сатып алынған болса —
  сақтауға және алып жүруге берілген рұқсат негізгі болып саналады.

3. Біздің жағдайда қолданылатын рұқсат түрі
«ШЫҢ АЛЕМ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ» ЖШС-де:

- қару нақты сатып алынған;
- қару ішкі істер органдарында тіркелген;
- қаруға **сақтауға және алып жүруге берілген рұқсат алынған**.

Сондықтан:

- қару сатып алуға арналған бір жылдық рұқсаттың мерзімі
  конкурстық өтінімге құқықтық әсер етпейді;
- ол қару алынғаннан кейін өзінің құқықтық маңызын жоғалтады.

4.Сын ескертпеде:

- қаруды сатып алуға арналған рұқсат пен
- қаруды сақтауға және алып жүруге арналған рұқсат

бір құжат ретінде қате бағаланған. Бұл — Қазақстан Республикасының қару айналымы саласындағы заңнамасына қайшы.

5. Қару бойынша біліктілік талабы толық орындалған

Осылайша:

- қару нақты бар;
- ол тіркелген;
- сақтауға және алып жүруге берілген рұқсат бар;
- күзет қызметін жүзеге асыру үшін құқықтық шектеу жоқ.

Демек:

№ 959 бұйрықтың 3-тарауының 6-тармағында көзделген біліктілік талабы толық көлемде орындалған деп есептейміз.

6.	қызметтік, оның ішінде атыс қаруының болуын көздейтін талаптарға сәйкес келуі тиіс	Қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтауға және алып жүруге рұқсат	ЕЛ МДБ АЖ-дан алу

Комиссия тарапынан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығымен бекітілген күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарының 3-тарауының 3-тармағына сәйкес орталықтандырылған бақылау пультінің болуы бөлігінде сәйкессіздік көрсетілген.

Аталған сын ескертпемен келіспейтінімізді төмендегідей хабарлаймыз. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарының 3-тарауының 3-тармағына сәйкес: орталықтандырылған бақылау пультінің болуы төмендегі құрамдас бөліктермен расталуы тиіс:

1. күзет объектілерінде орнатылған қабылдау-бақылау аспаптарынан сигналдарды қабылдауды жүзеге асыратын **компьютерлік техника мен тиісті бағдарламалық қамтамасыз етудің болуы**;
2. күзет объектілерінен келіп түсетін деректерді сақтауға арналған **меншікті қорғалған сервердің болуы**;
3. аталған техникалық құралдардың бар екендігін растайтын **техникалық құжаттама** (түгендеу нөмірлері, жүкқұжаттар, фискалдық чектер немесе өзге де растайтын құжаттар).

«ШЫҢ АЛЕМ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ» ЖШС конкурсқа қатысу шеңберінде:

- орталықтандырылған бақылау пультіне арналған компьютерлік техниканы;
- сигналдарды қабылдау және өңдеу үшін қолданылатын лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етуді;
- деректерді сақтауға арналған меншікті қорғалған серверді;
- барлық жабдықтар бойынша түгендеу нөмірлерін, электронды шот фактура, төлем құжат, жүк құжа, тапсыру қабылдау актілері және растайтын құжаттарды

конкурстық құжаттаманың талаптарына толық сәйкес түрде ұсынды.

№ п/п	Признак промежуточных товара, работ, услуг	Наименование товара, работ, услуг	Наименование товаров в соответствии с Декларацией на товары или заявлением о возврате товаров и уплате косвенных налогов	Код товара (ТН ВЭД ЕАЭС)	Ед. изм.	Кол-во (объем)	Цена (тариф) за единицу товара, работы, услуги без косвенных налогов	Стоимость товаров, работ, услуг без косвенных налогов	Акциз		Размер оборота по реализации (облагаемый/необлагаемый оборот)	НДС		Стоимость товаров, работ, услуг с учетом косвенных налогов	№ Декларации на товары, заявления в рамках ТС, СТ-1 или СТ-KZ	Номер товарной позиции из заявления в рамках ТС или Декларации на товары	Идентификатор товара, работ, услуг	Дополнительные данные
									Ставка	Сумма		Ставка	Сумма					
1	2	3	3/1	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18
1	5	Системный блок Intel Core i9-9900kf			Штука	1	320 000.00	320 000.00			320 000.00	Без НДС	0.00	320 000.00			1	
2	5	Монитор 19.5 Benq VL2040AZ Black 5ms LED			Штука	1	22 000.00	22 000.00			22 000.00	Без НДС	0.00	22 000.00			1	
3	5	Мышь HP G270			Штука	1	3 500.00	3 500.00			3 500.00	Без НДС	0.00	3 500.00			1	
4	5	Расширитель USB TripLite/4-Port USB-C Hub, USB C to 2x USB-A, 2x USB-C, USB 3.0, White			Штука	1	25 000.00	25 000.00			25 000.00	Без НДС	0.00	25 000.00			1	
5	5	Модем/Роутер ADSL/VDSL, TP-Link Archer VR300, 4 порта + Wi-Fi, 300/867			Штука	1	65 000.00	65 000.00			65 000.00	Без НДС	0.00	65 000.00			1	
		Mbps (Archer VR300)																
6	5	Антенна GSM 2J520-250RG174			Штука	1	9 000.00	9 000.00			9 000.00	Без НДС	0.00	9 000.00			1	
7	5	Датчик СН-СМК			Штука	10	9 100.00	91 000.00			91 000.00	Без НДС	0.00	91 000.00			1	
8	5	Оповещатель звуковой радиоканальный СН-Сирена			Штука	10	1 400.00	14 000.00			14 000.00	Без НДС	0.00	14 000.00			1	
9	5	СН-Брелок			Штука	10	6 500.00	65 000.00			65 000.00	Без НДС	0.00	65 000.00			1	

Комиссия тарапынан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығымен бекітілген күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің **3-тарауының 3-тармағына** қатысты сын ескерту берілген.
Аталған ескертпеде:

- сервердің болуы қажет екендігі көрсетіліп,
- әлеуетті өнім беруші тарапынан Бондарчук ЖК-мен жасалған шартта қосалқы мердігерлік белгілері бар деген тұжырым жасалған,
- Қағидалардың 77-тармағына сілтеме жасалып, материалдық ресурстарды қосалқы жалдау шарты ұсынылмайтыны көрсетілген.

Аталған қорытындымен **келіспейтінімізді** төмендегідей хабарлаймыз.

1. № 959 бұйрықтың 3-тарауының 3-тармағының нақты талдауы

Аталған нормаға сәйкес талап: күзет объектілерінен деректерді сақтауға арналған **меншікті қорғалған сервердің болуы**.
Бұл талапта:

- серверді жалға алу міндеті жоқ;
- серверді үшінші тұлға арқылы басқаруға тыйым салынбайды;
- серверге қызмет көрсетуді аутсорсинг арқылы ұйымдастыруға шектеу қойылмаған.

Яғни талаптың мәні — **сервер деректерді сақтау мақсатында әлеуетті өнім берушінің иелігінде болуы**.

2. Бондарчук ЖК-мен жасалған шарттың құқықтық сипаты
«ШЫҢ АЛЕМ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ» ЖШС -мен:

- серверді жалға алу емес;
- серверді қосалқы жалдау емес;
- материалдық ресурсты уақытша пайдалану емес;

бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу және орнату бойынша қызмет көрсету шартын жасаған.Атап айтқанда: **«Установка, настройка комплекта программного обеспечения "Андромеда – Центр Охраны"»** бойынша қызмет көрсетілген.
Бұл шарттың мәні:

- бағдарламалық өнімді орнату;
- баптау;
- іске қосу және техникалық интеграциялау.

3. Сервер ШЫҢ АЛЕМ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ ЖШС меншігінде
Нақты жағдай бойынша:

- сервер жабдығы «ШЫҢ АЛЕМ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ» ЖШС-нің меншігінде;
- Барлық ақпараттық серверлер материялдық емес актив болып табылады(*не материялный актив*); Қазақстан Республикасың 2025 жылғы 18 шілдесіндегі салық кодексінде анық көрсетіліп белгіленген.
- сервер күзет объектілерінен келіп түсетін, және тарататын (*програмной обесаечение в том числе по радио каналом*) деректерді сақтауға пайдаланылады;

Бондарчук ЖК:

- сервер иесі емес;
- серверді жалға беруші емес;
- деректерді сақтау қызметін көрсетпейді.

4. Қағидалардың 77-тармағы бұл жағдайға қолданылмайды

Қағидалардың 77-тармағында: алдын ала жалдау шартының немесе материалдық ресурстарды қосалқы жалдау шартының ұсынылуына жол берілмейді деп көрсетілген.
Алайда біздің жағдайда:

- алдын ала жалдау шарты жоқ;
- материалдық ресурстарды жалға алу жоқ;
- қосалқы жалдау шарты жоқ.

Сондықтан 77-тармақтың бұл жағдайға **құқықтық қатысы жоқ**.

5. Комиссия қорытындысының негізсіздігі
Комиссия тарапынан:

- серверге қызмет көрсету шарты қате түрде қосалқы мердігерлік ретінде бағаланған;
- бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату мен серверді жалға алу ұғымдары араластырылған.

ҚОРЫТЫНДЫ
Осылайша:

- сервер бар;
- сервер әлеуетті өнім берушінің меншігінде;
- деректерді сақтау толық қамтамасыз етілген;
- бағдарламалық қамтамасыз ету заңды түрде сатып алынып орналастырылған;
- біліктілік талабы толық көлемде орындалған.

Сондықтан көрсетілген сын ескерту: құқықтық және фактілік негізсіз болып табылады.

1. «ШЫҢ АЛЕМ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ» ЖШС-не қатысты берілген сын ескертпені қайта қарауды;
2. Ұсынылған құжаттарды заңнама талаптарына сәйкес деп тануды;
3. Конкурстық рәсім шеңберінде әділ және объективті шешім қабылдауды сұраймыз.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұл шағымымыз заңды тұрғыда қаралмаған жағдайда, өз құқықтарымызды қорғау мақсатында уәкілетті органдарға және сотқа жүгіну құқығын өзімізде қалдырамыз.

Құрметпен,

" ШЫҢ АЛЕМ " КҚ ЖШС директоры Ж.Қ Пиргелдиев

Ә.Күзербай
Тел: 87073401998, 87754041998